



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
МҚКҚ «№1 АЛМАТЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ГУМАНИТАРЛЫҚ-ПЕДАГОГТИК КОЛЛЕДЖІ»

БЕКІТЕМІН

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-
педагогтік колледжінің директоры

Ж.С. Джунисалиев

«31» тамыз 2018-2019 оқу жылы

КОЛЛЕДЖДІҢ КАДР САЯСАТЫ

МҚКҚ"№1Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны– жаңа технологиялармен жұмыс жасауға қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби мамандар жұмыс жасайтын өзекті білім беру жүйесі, ашық ақпараттық ортасы және заманауи инфрақұрылымы бар оқу орны.

Оқу орны 2017-2018 жж. «Кәсіпқор» Холдингінің республикадағы салааралық колледждерді ранжирлеу нәтижесі бойынша педагогикалық колледждердің арасында рейтинг бойынша ІІ – орын иеленді.

Колледж миссиясы - оқу процессін инновациямен интеграциялау негізінде жаңа форматтағы педагог мамандарға деген мемлекеттік сұранысты қанағаттандыру, жалпыадамзаттық, ұлттық рухани құндылықтарды сақтап, жетілдіру арқылы қоғамның зияткерлік элитасын дайындау.

Мақсаты: Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командамен жұмыс істей білуге басымдық беру, SMART педагогтар дайындау.

Колледж өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңнамаларына, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына және олардың негізінде әзірленген колледж Жарғыларына сәйкес жүзеге асырады.

Үлгілік қағидаға сәйкес №1 АҚМГПК-нің негізгі міндеттері:

- 1) білім алушылардың ұлттық және жалпы адами құндылықтардың, ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке адамның кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алуы үшін жағдайлар жасау;
- 2) білім алушылармен кәсіби бағдар беру жұмысын қамтамасыз ету;
- 3) еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес теориялық оқыту мен өндірістік оқыту арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету;
- 4) кәсіптік білімнің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын сұраныстарына уақытылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
- 5) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бойынша білім беру бағдарламаларын өндіріспен кіріктіру.

Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында колледжде келесі қызмет түрлерін жүзеге асырылады:

- білім беру қызметі;
- білім алуға арнайы жағдайлар жасау;

- білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- мазмұндық –ұйымдастыру қызметі;
- ақпараттық-координациялық қызмет;
 - ғылыми-әдістемелік, инновациялық, тәжірибелік-экспериментальдық қызмет;
 - нормативтік-құқықтық қызмет;
 - сараптамалық қызмет;
 - дамудың кәсіби бағыттылығын қамтамасыз ету қызметі;
 - қаржылық –экономикалық қызмет;
 - әлеуметтік дамыту және тәрбиелеушілік қызмет;
 - қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі;
 - әлеуметтік серіктестермен жұмыс жүргізу.

Оқу орнының стратегиялық және тактикалық мақсаттарына жеткендігін анықтау үшін *іс-әрекет нәтижесінің түйінді көрсеткіштері (KPI)* пайдаланылады. KPI жүйесін орындалған іс –әрекеттердің тиімділігін анықтауға, колледждің барлық жұмыстарын, жекелеген құрылымдық бөлімнің немесе нақты бір қызметкердің жұмысын бағалауға қолдану тиімді. Бұл жердегі *тиімділік* – қол жеткізген нәтижелермен шығындалған ресурстардың арақатынасы, *нәтижелілік* – жоспарланған нәтижелерге қолжеткізу деңгейін көрсетеді.

Іс-әрекет нәтижесінің түйінді көрсеткіштерін (KPI) енгізудің SMART талаптары:

- Өлшемділік
- Нақтылық
- Шынайылық
- Келісімділік
- Уақытпен анықталғандық

Іс-әрекет нәтижесінің түйінді көрсеткіштерін (KPI) енгізу мақсаты:

- Толығымен нәтижеге бағдарлану
- Жоғары деңгейде басқарушылыққа қол жеткізу
- Ақпаратпен толық қамтамасыз ету
- Әділеттілік орнату
- Тұрақтылыққа қол жеткізу

Іс-әрекет нәтижесінің түйінді көрсеткіштерін (KPI) қалыптастыру принциптері:

- Басқарылу және бақылану
 - Серіктестік (жұмыс берушілермен, тәжірибелі оқытушылармен)
 - Бастапқы бағытқа күш салу
 - Интеграциялық бағалау (көрсеткіштерді бағалау, білім сапасын көтеру және есептілік процестерін интеграциялау)
 - Сәйкестендіру (педагогикалық процестердің көрсеткіштерін стратегиямен сәйкестендіру)

Іс-әрекет нәтижесінің түйінді көрсеткіштерінің (KPI) мүмкіндіктері:

- Стратегия мен оқу орнының тактикалық іс-әрекеттерін байланыстыру
- Оқу орнының жалпы жағдайына баға беру
- Қызметкерлердің іскерлік белсенділіктеріне бақылау жүргізеді
- Құрылымдық бөлімдердің жұмыстарының нәтижелілігін анықтайды
- Алынған мәліметтерді мотивациялау жүйесін әзірлеуде қолдану

Іс-әрекет нәтижесінің түйінді көрсеткіштерінің (KPI) атқаратын функциялары:

- Оқу орнының әрбір қызметкерінің жұмысын бағалау
- Қызметкерлерді нәтижеге жұмыс жасауға ынталандыру
- Әрбір қызметкердің жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

Колледждегі инновациялық менеджментте жетістікке жету бағытындағы жұмыстар:

1. Материалдық- техникалық жабдықтау.

2. Оқытушылардың біліктілік және мотивациялық деңгейін арттыру.

3. Ақпараттық технологияны жетік меңгерту және тиімді пайдалану.

Оқу - тәрбие процесінде білім берудегі инновациялық процестің стратегиясына сай төмендегі жұмыстар жүргізілуде:

- білім берудің іргелі және практикаға бағдарланған болуы;
- білім берудің көпдеңгейлілігі және кәсібилігі;
- білім берудің қолжетімділігі;
- мамандардың нарық сұранысына сай дайындалуы;
- білім берудің сапалылығы.

Білім берудегі инновациялық үдерістің тактикалық міндеттерін шешуге қатысты жұмыстар:

- білім берудегі инновациялық менеджментті жүзеге асыру;
- жетістіктерін нақты ғылыми және өндірістік салада қолдану;
- оқытуды технологияландыру;
- білім беру процесінде инновациялық технологияны қолдануды тиімді жүзеге асыру және т.б.

Колледжде кадрларды басқаруда төмендегі ұстанымдардың нәтижеге жеткізетіні практикада дәлелденіп отыр:

- ✓ бақылаудың орнына ынталандыру;
- ✓ мәжбүрлеудің орнына кеңес беру;
- ✓ ауыстырудың орнына сенім білдіру;
- ✓ кінәләудің орнына қорғау;
- ✓ басқарудың орнына бірге қатысу;
- ✓ бұйрық беріп тексерудің орнына кәсіби көмек көрсетіп, қолдау жасауға ұмтылу.

Колледж кеңесінде қаралып, мақұлданды. Әкімшілік кеңес отырысында бекітілді
31.08. 2018 жыл, №1 хаттама